

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 17)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Зертханалық зерттеулерге арналған тік медициналық микроскоп, түрлі-түсті сандық камерасымен және кескіндерді өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған.	Өтіп өтетін және шағылысқан жарықта бақылауға арналған жарықдиодты микроскопиялық жабдық жиынтығы. Микроскоп рамасы – тік, қолмен басқарылатын түрі, өтіп өтетін және шағылысқан жарықта бақылауға арналған. Алдын ала фокустық шектеуі және ірі фокустау тұтқасының айналу моментін реттеу бар. Жарық қарқындылығын реттеу тетігі алдыңғы бүйір жағында орналасқан. Кіріктірілген қуат көзі: 100–240 В, 50/60 Гц, 0,8–1,8 А. Жарыктандыруды басқару жүйесі (Light Manager) әрбір объектив үшін жарық қарқындылығын жеке реттеуге мүмкіндік береді және моторлы немесе кодталған револьверлік ұстағышпен біріктіріліп жұмыс істейді. Өтіп өтетін жарыққа арналған осветитель Кёллер жүйесі бойынша жарыктандырумен және көру өрісі кемінде 26,5 қамтамасыз етіледі. Жинаққа алты қырлы кілт пен қосқыш элементтер кіреді. Жарық көзі – True Color типті жарықдиод, түстерді беру индексі кемінде 96, галогендік жарық көзіне ұқсас. Жарық қарқындылығы 100 Вт галогендік шамнан жоғары. Қызмет ету мерзімі кемінде 50 000 сағат. Қуат көзі микроскоп корпусына біріктірілген. Жинаққа қосқыш кабель кіреді. Револьверлік бастиегіне арналған тірек кронштейн – жарық өрісі (BF) конфигурациясында қолданылады. Жинақ құрамында бекіту бұрандалары, алты қырлы кілт және қорғаныс жапсырмасы бар. Тринокулярлық түтік – 30° бұрышпен еңкейтілген, көз арақашықтығы 50–76 мм аралығында реттеледі. Сол жақ окулярда ±5 диоптрия шегінде диоптриялық баптау бар. Жарық ағынын бөлгіштің үш күйі бар (100/0, 20/80, 0/100). Кең бұрышты окулярлармен үйлесімді, көру өрісі кемінде 22. Механикалық үстелше – рейкасыз құрылым, керамикалық жабындымен қапталған, 250° бұрылады, оң жақтағы басқару жетегі бар. X және Y осьтері бойынша қозғалысты реттеу механизмі қорғалған. Қозғалыс ауқымы кемінде 76 × 52 мм. Үлгі ұстағыш – қосарланған, бір немесе екі препаратқа арналған, сол жақта орналасқан, серіппелі. X және Y осьтері бойынша басқаруға арналған эргономикалық тұтқалар бар. Конденсор – еңкіш түрдегі, сандық апертурасы 0,9–0,17, ак түсті контрастты қақпағы бар. Объективтерге арналған револьверлік бастиегі – алты орындық, кодталған, дифференциалды интерференциялық контраст (DIC) слайдері немесе пластина адаптерін орнатуға арналған. Объективтің орнын автоматты анықтау және жарыктандыруды реттеу мүмкіндігі бар. Объективтер (план-ахромат): – 4× (NA 0,10, жұмыс арақашықтығы 18,5 мм); – 10× (NA 0,25, жұмыс арақашықтығы 10,6 мм);	3

	– 20× (NA 0,40, жұмыс арақашықтығы 1,2 мм, түзетуі 0,17 мм); – 40× (NA 0,65, жұмыс арақашықтығы 0,6 мм, түзетуі 0,17 мм); – 60× (NA 0,80, жұмыс арақашықтығы 0,2 мм, түзетуі 0,17 мм); – 100× (иммерсиялық, майлы, NA 1,25, жұмыс арақашықтығы 0,15 мм). C-mount адаптері – үлкейту коэффициенті 0,63×, осы кластағы микроскоптардың тринокулярлық порттарымен үйлесімді. Сандық камера – түсті CMOS камерасы, форматы 1 дюйм, ажыратымдылығы кемінде 8,9 мегапиксель, жаһандық ысырмамен, салқындатусыз, USB 3.1 интерфейсі арқылы қосылады. Жиынтық құрамына камера басы, USB 3.1 кабелі және пайдаланушы нұсқаулығы кіреді. Бейнелерді визуализациялау және талдау бағдарламалық жасақтамасымен үйлесімді. Бағдарламалық қамтамасыз ету – камераны басқаруға, кескіндерді өңдеуге және өлшеу жүргізуге арналған базалық лицензия. Нақты уақыт режимінде интерактивті өлшеулер мен есептерді статистикамен бірге экспорттауды қамтамасыз етеді. Қосымша жабдық – түрлі-түсті сандық камера арқылы алынған кескіндерді басқаруға, өңдеуге және архивтеуге арналған мамандандырылған дербес компьютер жиынтыққа кіреді.	
Барлығы		3

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және

медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет. Кепілдік сервистік қызмет көрсету мерзімі оны пайдалануға енгізу күнінен бастап және өндіруші зауыт ұсынған мерзімділікке сәйкес 37 (отыз жеті) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін